

Емдеу профилактика мекемелері

Емдеу мекемелері және олардың қызметінің түрлері

- Адам денсаулығы - бұл психикалық, физикалық және әлеуметтік әл-ауқаттың қосындысы. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтау құқығы Конституциямен бекітілген және Қазақстан Республикасының 19.05.1997 жылғы (17.12.1998 жылғы өзгерістермен, толықтырулармен) "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау туралы" заңында жүзеге асырылған,

Мекемелердің амбулаториялық түріне жататыны:

- Емхана
- Амбулатория
- Мед сан бөлім
- Емдік пункттер
- ФАП (фельдшерлік-акушерлік пункт)
- Диспансер
- Әйелдер консультациясы
- Жедел жәрдем станциясы



Амбулаторлық көмек:


- Амбулатория (шағын поселоктың, өнеркәсіптік кәсіпорынның немесе ауылдық жердің тұрғындары үшін) немесе фельдшер-акушерлік пункт (ауылдық жерде); амбулаторияда ауруларды қабылдау тек негізгі мамандықтар бойынша жүргізіледі (терапевт, хирург, стоматолог, гинеколог);
- Здравпункт - МСБ немесе емхананың құрамдас бөлігі (кәсіпорындарда, құрылыстарда, жоғары және орта оқу орындарында), мұнда алғашқы медициналық көмектен басқа аурушылықтың алдын-алу және төмендету үшін жоспарлы санитарлы-гигиеналық әрі емдеу-профилактикалық шаралар жүргізіледі;
- емхана - келген науқастарға, сондай-ақ үйде, аурулардың және олардың асқынуларының алдын-алу бойынша емдеу-профилактикалық шаралар жүргізіледі; барлық мамандық дәрігерлері қабылдайды; лабораторлық, диагностикалық және емдеу бөлмелері бар; науқастарды анықтау, квалифицирленген көмек көрсету, аурушылықты зерттеу, профилактикалық қарау, диспансеризация - аурулардың белгілі бір бөлігінің денсаулығын белсенді бақылау - бойынша жұмыс жүргізеді;

- Диспансерлер - диспансерлік әдіспен жұмыс істейтін ерекше мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекеме, белгілі бір аурумен сырқаттанатын адамдарды емдейді (онкологиялық, психоневрологиялық және т.б.); емдеу және алдын-алумен қатар патронаж (науқастарды үйінде жүйелі белсенді түрде бақылау), санитарлы-насихатты жұмыс жүргізеді;
- Әйелдер консультациясы - гинекологиялық ауруларды емдеу және алдын-алу, жүктілерді бақылау жұмыстары жүргізіледі; акушерк а дәрігерге қабылдау кезінде көмектеседі, жүктілер патронажын жүргізеді, оларды нәрестелерді күтуге және жеке бас тазалығына үйретеді;
- жедел жәрдем станциясы тәулік бойы жұмыс істейді, тұрғындарға шұғыл кезде көмек көрсетеді; бригаданы шақыруға өзі баратын, өзі алғашқы көмек көрсететін және науқасты ауруханаға жатқызатын фельдшер басқаруы мүмкін; жедел жәрдем көлігіндегі қазіргі кездегі құралдар стационарға дейінгі жолда шұғыл көмек көрсетуге және реанимациялық шаралар жүргізуге мүмкіндік береді.

Стационарлық типтік емдеу мекемелеріне жататыны:



- Аурухана
- Клиника
- Госпиталь
- Санатория мен курорттар
- Мед сан бөлім
- Хоспис



Стационарлық медициналық көмек жүйелі бақылауды, емдеу мен тексерудің күрделі түрлерін қажет ететін науқастарға көрсетіледі

Стационардың түрлері:

- **Аурухана** - медицина ғылымы мен техникасының соңғы жетістіктерінің негізінде тұрғындарға жоғары квалификациямен көмек көрсетеді; кеп салалы (әртүрлі ауруларды емдеу үшін) және мамандандырылған (инфекциялық, психиатриялық және т.б.) болуы мүмкін; облыстық және республикалық ауруханалар ауыл тұрғындарын жоғары квалификациямен медициналық көмекпен қамтамасыз етеді;
- **Госпиталь** - әскери немесе мүгедек адамдарды емдейтін аурухана;
- **Клиника** - науқастарды емдеумен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстары және студенттерді, дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерді оқыту ісі жүргізілетін ауруханалық мекеме;

- **Санаторийлер мен курорттар** (шипажай) климаты ыңғайлы минералды суы бар және емдік балшықтары бар жерлерге орналастырылады. Бұл жерлерде емдеу процедураларымен қатар түрлі физиопроцедуралар жүргізіледі.
- **Хоспис-** ауыр жағдайдағы науқастарға медициналық-психологиялық паллиативты көмек көрсететін мекеме. Әсіресе онкологиялық аурулармен ауыратын науқастар өмірінің соңғы күндерінде өмірін ұзартуға, өмір сапасын көтеруге көмек береді.